

**«Әбілқас Сағынов атындағы
Қарағанды техникалық
университеті» КеАҚ
Басқармасының шешімімен
бекітілген
«15» қыркүйек 2021 ж. №1**

**«ӘБІЛҚАС САҒЫНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ТЕХНИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ
ҚАҒИДА**

1 Қолдану саласы

Ғылыми Кеңес туралы осы Қағида Ғылыми кеңестің негізгі міндеттерін, функцияларын, құрамын, құрылымын, өкілеттіктерін, ұйымдастырылуын және жұмыс тәртібін белгілейді. Ғылыми кеңес туралы қағида «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) сапа менеджменті жүйесі құжатының жиынтығына кіреді.

2 Жауапкершілік және өкілеттіктер

Ғылыми кеңес туралы Қағиданы әзірлеуге, оны келісуге, бекітуге, тіркеуге, қолданысқа енгізуге жауапкершілік пен өкілеттіктер былайша бөлінеді:

2.1. Ғылыми кеңес туралы Қағиданы әзірлеуге, атап айтқанда оның мазмұнына, құрылымына, ресімделуіне және енгізілуіне ғылыми хатшы жауапты болады.

2.2. Ғылыми кеңес туралы Қағида сапа жөніндегі басшылықтың (СБӨ) өкілімен, ЗҚ басшысымен, СБӨ, ПОҚ және қызметкерлер кәсіподақ комитетінің төрағасымен келісіледі.

2.3. Ғылыми кеңес туралы Қағида жобасының түпкілікті редакциясы туралы шешімді «Келісу парағында» белгіленген сапа жөніндегі басшылықтың (СБӨ) өкілі қабылдайды.

2.4. Ғылыми хатшы Ғылыми кеңес туралы Қағида жобасының түпнұсқасын және құжатты бекітуге және қолданысқа енгізуге бұйрықтың жобасын дайындайды, келісуші қолдарды жинайды.

2.5. Ғылыми кеңес туралы Қағида «Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Басқармасының шешімімен бекітіледі.

2.6. Ғылыми хатшы Ғылыми кеңес туралы бекітілген Қағиданы Әкімшілік мәселелер жөніндегі департаментке тіркеуге береді.

3 Жалпы ережелер

3.1. Ғылыми кеңес «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының стратегиялық басқаруын жүзеге асыратын алқалы орган болып табылады;

3.2. Ғылыми кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2007 жылғы 22 қарашадағы № 574 бұйрығымен және Қоғамның Жарғысымен бекітілген Жоғары оқу орнының Ғылыми кеңесі қызметінің үлгілік қағидаларын және оны сайлау тәртібін басшылыққа алады;

3.3. Ғылыми кеңестің қызметі оның құзыретіне кіретін мәселелерді ұжымдық талқылаудың жариялылығына негізделеді.

4 Құрамы, құрылымы, жұмыс тәртібі

4.1. Ғылыми кеңесті сайлаудың тәртібі, құрамы және құрылымы;

4.1.1. Ғылыми кеңестің құрамына Басқарма төрағасы – Ректор, Басқарма мүшелері, Департаменттердің директорлары, факультеттердің декандары, кафедра меңгерушілері, құрылымдық бөлімшелердің басшылары, профессорлық-оқытушылық құрамның, студенттік және қоғамдық ұйымдардың өкілдері, жетекші ғалымдар, магистранттар мен студенттер кіреді;

4.1.2. Ғылыми кеңестің мүшелері Қоғамның жалпы жиналысында ашық дауыс беру арқылы сайланады;

4.1.3. Ғылыми кеңестің құрамы 3 жыл мерзімге сайланады және мүшелердің тақ санынан тұрады; қажеттілігіне қарай жалпы жиналыстың шешімімен оның құрамына жекелеген өзгерістер енгізілуі мүмкін.

4.1.4. Ғылыми кеңестің дербес құрамы Басқарма Төрағасы – Қоғам Ректорының бұйрығымен бекітіледі;

4.1.5. Басқарма төрағасы – Қоғамның ректоры Ғылыми кеңестің төрағасы болып табылады. Төраға өзі болмаған жағдайда оның міндетін атқаратын төрағаның орынбасарын тағайындайды

4.1.6. Ғылыми кеңестің іс жүргізуін және жұмысын ұйымдастырушылық қамтамасыз ету Ғылыми хатшыға жүктеледі, оны Ғылыми кеңес сайлайды;

4.1.7. Ғылыми кеңес ЖОО қызметінің түрлі бағыттары бойынша комиссиялар құруға құқылы;

4.1.8 Ғылыми кеңес, егер отырысқа оның мүшелерінің кемінде 2/3 бөлігі қатысса, шешім қабылдауға құқылы. Ғылыми кеңестің отырыстары бейне конференц-байланыс режимінде өткізілуі мүмкін. Кеңес мүшелерінің отырысқа келуі олардың келу парағында жеке қолымен немесе отырысқа қатысып отырған Ғылыми кеңес мүшелерінің қоса беріліп отырған тізімімен расталады;

4.1.9. Ғылыми кеңестің шешімдері қатысып отырған мүшелердің ашық дауыс беруімен қабылданады. Жекелеген мәселелер бойынша Ғылыми кеңес жасырын дауыс беру арқылы шешім қабылдай алады. Жасырын дауыс беруді өткізу үшін құрамында кемінде 3 адамнан тұратын есеп комиссиясы құрылады;

4.1.10. Ғылыми кеңестің шешімі, егер оған қатысып отырған кеңес мүшелерінің жартысынан астамы қолдаса, қабылданды деп есептеледі; кеңестің шешімі оларды ЖОО ректоры бекіткеннен кейін күшіне енеді;

4.1.11. Ғылыми кеңестің отырыстары хаттамалармен ресімделеді, оларға кеңестің төрағасы мен ғылыми хатшысы қол қояды;

4.1.12. Ғылыми кеңестің отырыстары бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес оқу жылы ішінде айына кемінде бір рет өткізіледі.

Қажет болған жағдайда Ғылыми кеңестің отырыстары жоспардан тыс өткізіледі.

4.2. Ғылыми кеңестің негізгі міндеттері:

4.2.1. Мемлекеттік жалпы-міндетті стандарттардың талаптарына сәйкес білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында ЖОО қызметін басқару;

4.2.2. Білім және ғылым саласындағы мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуын қамтамасыз ету

4.3. Ғылыми кеңес өз құзыреті шеңберінде мынадай функцияларды жүзеге асырады:

4.3.1. Ғылыми, оқу, әдістемелік және тәрбие қызметі бойынша мәселелерді қарау және шешімдер қабылдау;

4.3.2. Оқу-зертханалық және ғылыми-зертханалық базаны дамытудың перспективалық жоспарын қарау;

4.3.3. Оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, тәрбие жұмысы мен халықаралық байланыстардың негізгі бағыттары бойынша ЖОО-ның перспективалық даму жоспарлары мен бағдарламаларын қарау және бекіту;

4.3.5. ЖОО құрылымын өзгерту бойынша ұсыныстар енгізу;

4.3.6. Профессорлық-оқытушылық және ғылыми құрамға ғылыми атақтар беру мәселелерін қарау;

4.3.7. Ішкі тәртіп қағидаларын қарау және бекіту;

4.3.8. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың барлық мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

4.3.9. Университеттің Стратегиялық даму жоспарын іске асыруға байланысты мәселелерді қарау;

4.3.10. Университеттің әлеуметтік дамуының негізгі мәселелері мен қабылданған шешімдерін қарастыру;

4.3.11. Өткен оқу жылындағы университет қызметінің қорытындысын шығару;

4.3.12. Қоғамның оқу, ғылыми-зерттеу және тәрбие жұмысы туралы есептерді мерзімді қарау;

4.3.13. Қоғамның құрамына кіретін өзге де құрылымдық бөлімшелердің қызметі туралы есептерді қарау;

4.3.14. Қоғам Басқармасының бекітуі үшін мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын қарау;

4.3.15. Оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер басылымдарының тақырыптық жоспарын бекіту;

4.3.16. Диссертациялық зерттеулер бойынша магистранттар мен докторанттардың тақырыптары мен ғылыми жетекшілері-консультанттарын бекіту

4.3.17. Университеттің профессор-оқытушы және ғылыми құрамына ғылыми атақтар беру мәселелерін қарау;

4.3.18. Құрметті атақтар, мемлекеттік және ведомстволық марапаттар, атаулы стипендиялар, конкурстарға қатысуға ұсынымдар беруге ұсынымдарды қарау; Қоғамның академиялық, құрметті атақтары мен марапаттарын, Қоғамның атаулы стипендияларын беру;

4.3.19. ЖОО ПОҚ қызметін рейтингтік бағалау қағидаларын бекіту;

4.3.20. Білім алушыларды ақылы оқудан білім беру гранттарына ауыстыру туралы шешім қабылдау;

4.3.21. Студенттер мен қызметкерлерді әлеуметтік қорғау мәселелерін шешу;

4.3.22. Студенттер контингентін қалыптастыру қорытындыларын талқылау;

4.3.23. ЖОО қызметіне байланысты және алқалы шешімді талап ететін өзге де мәселелерді қарау